ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 9 қазан №2301-25-00-2/1967 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Нұршуақ» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Қаратаева Әсел Саматқызы»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 2 040 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Л.К.Неталиева
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 6 маусымда мемлекеттік сатып алу туралы №90 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «1 дана Лол қуыршағының киімі» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 78 444 теңге. Шарттың орындау мерзімі –шартқа қол қойылған күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде, яғни 2025 жылғы 21 маусымға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, міндеттеме орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, кешіктірілген 26 күнге 2 040 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 6 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №90 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі –2025 жылғы 21 маусымға дейін.

Шарттың міндеттемелері орындалмаған, шарт бір жақты 2025 жылғы 4 тамызда бұзылған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, тауар жеткізілмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 16.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.11.2025, судья Дәуренова О. Ш., 20.11.2025
2301-25-3-1/2394

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 2 040 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден жиырма алты кешіктірілген күн үшін 2 040 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 027 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Нұршуақ» бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Қаратаева Әсел Саматқызын» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 2 040 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Қаратаева Әсел Саматқызы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Қаратаева Әсел Саматқызынан» мемлекет кірісіне 2 040 (екі мың қырық) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 027 (екі мың жиырма жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 16.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2025, судья Даурешова О. Ш., 20.11.2025